

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

<https://www.japantimes.co.jp/news/2019/07/05/national/politics-diplomacy/south-korea-formally-closes-japan-funded-comfort-women-foundation/> (Дата обращения: 28.03.2024)

3. Kyodo, “No talks between South Korea, Japan leaders at G-20 summit: South Korea,” Nikkei Asian Review. [Электронный документ] 25.06.2019. URL <https://asia.nikkei.com/> (дата посещения 28.03.2024)

4. Groups declare Dodo Day [Электронный документ] // The Korea Herald. 25.10.2010. URL <http://www.koreaherald.com/view.php?ud=20101025000789> (Дата обращения: 28.03.2024)

5. «Япония прежде всего»: что решают националисты из Токио // Forbes Kazakhstan. [Электронный документ] 15.01.2019. URL <https://forbes.kz/life/opinion/yaponiya-prejde-vsego-chto-reshayut-natsionalisty-iz-tokio/> (Дата обращения: 28.03.2024)

6. Bonji Ohara Japan and the Korean Peninsula: A Regional “Two-Level Game” [Электронный документ] // The Tokyo Foundation for Policy Research. 03.03.2014. URL <https://www.tokyofoundation.org/research/detail.php?id=294> (Дата обращения: 27.03.2024)

7. Robert D. Putnam Diplomacy and domestic politics: the logic of two-level games [Электронный документ] URL https://sciencepolicy.colorado.edu/students/envs_5720/putnam_1988.pdf (Дата обращения: 27.03.2024)

8. Кистанов В.О. Отношения между Японией и Южной Кореей: проблемы, тенденции, перспективы // Японские исследования. 2019. № 3. С. 33-48. DOI: 10.24411/2500-2872-2019-10019

9. Севастьянов С. В., Кравчук А. А. Территориальный спор между Японией и Республикой Корея: аргументы сторон и перспективы разрешения [Электронный документ] 2017. doi: 10.24866/2542-1611/2017-4/25-34 URL <https://cyberleninka.ru/article/n/territorialnyy-spor-mezhdu-yaponiey-i-respublikoy-koreya-argumenty-storon-i-perspektivy-razresheniya/viewer> (Дата обращения: 28.03.2024)

ЭОЖ 378.02:37.016

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ: КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮЛГІСІ БОЙЫНША

Мухамедгалиева Айдана Кенжеболатовна

aidana_mk1203@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Абжапшарова

Әлемнің күн санап дамуымен жаңа бағыттар мен салалардың пайда болуы таңғаларлық жайт емес. Өйткені есею, даму, өркендеу сынды қалыпты жағдайлар адамзатқа тән болып табылады. ХХ ғасырдың соңы мен қазіргі күнге дейін жалғасын тауып жатқан тағы бір жас салалардың қатарына креативті индустрия саласы да қосылды. Дамыған мемлекеттер арасында даму қрақыны жоғарылап, қолданыста кең етек алғанымен, дамушы және артта қалған мемлекеттер үшін бұл жаңа челлендж – жаңаша бастама ретінде қарастырылады. Солардың қатарында орын алған біздің Қазақстан үшін де креативті индустрия жаңа, бірақ елді алға қарай жетелеуге мүмкіндік беретін сала ретінде көзге түсті. Заманның жаңа ағымына ілесіп кету, әрине, оңайға соқпайтын дүние, бірақ конкуренцияға қарағанда кооперация көлемді түрде дамыған әлемде халықаралық деңгейде тәжірибе алмасып, қажетті салада жетістікке жетуге әбден болады. Осы тұрғыда барша әлемге Ханган өзені бойындағы ғажайыпты танытқан Корея Республикасын жетістікке жетудегі үлгі ретінде қарастыратын боламыз. Қазақстан мен Корея орналасуы алшақ

болғанымен, көзқарасы бір, Шығыстың дәстүрлі дәріптерін ұстанатын, тарихы ұқсас елдер болғандықтан, теориялық тұрғыдан зерттеуге де, практикалық тұрғыдан тәжірибе жинақтауға да ең қолайлы мемлекет деп шештік. Кореяның бұл жағдайда тек бір сектормен жұмыс атқармағаны анық, ендеше тағы қай секторлар креативті индустрияның дамуына үлесін қосқаны, үздік тәжірибелері, Қазақстанның креативті индустрия саласындағы қазіргі жағдайы, атқарылып жатқан жобалары мен келешектегі деңгейі жайлы зерттеу жүргізілетін болады.

Креативті индустрия – жеке шығармашылық бастамаға, шеберлікке немесе өнерге негізделген зияткерлік меншікті өндіру мен пайдалану арқылы қосымша жұмыс орындары мен құнды құру әлеуетін көтеретін қызмет. Бұл анықтама «Креативті индустрия» термині алғаш ұсынылып, толық секторлары жазылған карта құрастырылғанда ойлап табылған делінеді. Термин XX ғасырдың 80-жылдары қолданыста болғанымен, ресми түрде 1998 жылы Ұлыбританияның Мәдениет министрлігі мен Спорт министрлігінің бірігіп «Креативті индустрияларды картаға түсіру туралы құжат» құруымен кеңінен әлемдік дәрежеде жайыла бастады [1]. Бұл құжат Ұлыбританияның экономикасына және басқа да секторларына тигізер пайдасы жайлы жазылған құжат блоганымен, ол тек Ұлыбританияның ғана емес жалпы әлем елдерінің жағдайын көтерер керемет қозғалтқыш ретінде саналды. Соған байланысты креативті индустрия саласын соңғы жылдардағы көрсеткіштерге орай ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі ретінде қарастырамыз. Ол бастапқыда дүниежүзіне инновациялық бағыт ретінде енсе, қазір кезде ашылмаған қырлары мен сырлары көп таңғажайып экономикалық құрал түрінде бағаланады. Осы кезекте инновациялық бағыт деп бекерге айтпаса керек. Инновациялық бағыт елдің бәсеке қабілеттілігін экономикасын, мәдениетін және басқа да секторларын дамытудан бөлек, елге қажетті дәстүрлі экономикасын қуаттай түсуде. Жаһандық тұрғыдан жасыл экономика, тұрақты даму сияқты жаңа қажеттіліктерге тәуелді болып келе жатқан салалар олардың жан-жақты шешу жолдарын қарастырып жатыр. Соған сәйкес өз танымалдылығын арттырып жатқан креативті индустрия инновациялық бағыт ретінде аталған мәселелер мен қойылған сын-қатерлерге мықты қорған бола алады. Креативті индустрия дәстүрлі саналған мәдени мұра немесе ежелден келе жатқан сәулет, қолөнер сынды секторлармен қоса, дамыған ортаға лайықты жасанды интеллект, виртуалды шынайылық сияқты секторлардың бастамасы болып отыр. Осы кезекте дәстүрлі және жаңашаланған секторларда үздік тәжірибелердің иесі болған Корея Республикасының жеткен жетістіктерінің арасынан мысал ретінде көптеген үлгілерін көрсетуімізге болады. Және зерттеуіміздің келесі бөлігінде Қазақстан үшін пайдалы болатын жобаларды тілге тиек ететін боламыз.

Корея Республикасы өз экономикасын көтеру мақсатында көптеген іс-шаралар мен жобаларды қолға алып отырды. Мемлекетшілік жүзеге асырылған жобалардың алғашқыларының бірі – мемлекеттік қолдау. Үкімет тарапынан қажетті қаражат бөлініп, инвестициялар құйылды. Оған қоса, студенттерді шетелде оқыту және шетелдік студенттерді елге тарту жобалары, дамудың шарықтау шегіне жетсе де, әлі күнге дейін жүзеге асырылуда. Қолдаудың нәтижесінде мықты инвестициялық жобалар құрылды, оларға тиісті мемлекеттік қолдау ретінде салықтарды төмендету сынды көмектер көрсетілді. Алайда, үздік нәтижеге жетпеген жобалар да болды, олардың нәтижеге жету жолындағы талпыныстарын арттыру мақсатында компанияларға қойылатын салықтық пайыз көтерілуі тиіс деген шарт қойылды. Мемлекет тарапынан көрсетілген көмек пен қолдауды және тиісті мақсаттарға жетпедің себебімен қойылған қатаң тәртіпті баланста ұстаудың нәтижесінде Корея Республикасы қазіргі таңда экономикасы дамыған елдер қатарында болуының бірден бір себебі екендігін дәлелдейді. Екінші кезекте, корей өнімдерінің, алысқа бармай-ақ, Қазақстанның өзінде түр-түрінің бар екендігін байқаймыз. Мұның барлығы креативті индустрия. Корея Республикасы ойлап тапқан жылдам кеспелердің өзі елге үлкен кіріс әкеледі. Тамақ өнеркәсібінен бөлек, медиа саласында да қазақстандық теледидарларда 2000 тіпті одан да ерте жылдардан бастап корей фильмдерін көрсетіп келеді. Ал мұндай нәтиженің астыранда қыруар еңбек пен төзімділік жатыр. Корей үкіметі бұл салада да өз тарпына қаржылық

қолдау мен салықты азайту жөнінде реформалар қабылдады. Алайда болашақ режиссерлер мен ел азаматтары үшін де талап қатаң түрде жүргізілді. Мәселен, бір жылда, яғни 365 күнің 146 күнінде кинотеатрларда тек отандық фильмдер көрсетіліп отырды. Үкімет американдық киноға тәуелді болып қалған өз халқын жаппай корей киносына аудару қиын болғанын түсіне отырып, жартысынан аз күн (146/365 күн) ғана корей киноларын көрсетіп отырды [2]. Бастапқы кезде корей халқы өз наразылықтарын түрлі іс-әрекеттермен көрсеткенімен, біршама уақыттан кейін бұл әрекеттер азая бастады. Режиссерлердің де сынақтары бұдан жеңілірек болмады. Шетелден әкелген әрбір кинолары үшін олар бір толықметражды корей киносын түсірулері қажет болды. Ал корей киноларына қарсы шыққан кинотеатрлар мүлдем лицензияланбайтын болып шешілді. Осы сынды қатаң тәртіптің нәтижесінде кино индустриясы да, тағам индустриясы да дами түсті. Неге десеңіз, корей киноларында көрсетілетін тағам түрлерінің шетелдік азаматтарды қызықтырғаны жаңа деңгейдің келгендігін білдірді. Бұл деңгей – қызығушылық артқан тағам түрлерін көптеп экспорттау болды. Креативті индустрияның ыңғайлылығы, бір емес бірнеше саланы қамтып, өзара үйлесімділік табуларының арқасында параллельді түрде дамыта білуінде. Осылайша корей өнімдері халықаралық деңгейде үлкен сұранысқа ие бола бастады.

Мемлекеттің және халықтың көмегінен бөлек, корей өнімдері басқа да қолдауларды алып отырды. Шетелдерде елдің бейнесі саналған дипломаттар да отандық өнімге барынша көмегін көрсетуге асықты. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастау алған бұл әдіс көп нәтиже көрсетті. Корей дипломаттарының өкілдері дорамалармен шетелдік телевизияны баурап алуға барынша тырысты. Көп ұзамай дорамалар үлкен сұранысқа ие болғандықтан, бұл өнімдерді де экспортқа шығару мүмкіндігі туа бастады. Дорамалардың халықаралық сахнаны жаулап алуы тағам, тіл, дәстүр сынды мәдени мұралардың дамуына жол ашты. Шетелдік азаматтардың елге деген қызығушылықтары артып, мәдениет, әсіресе тілді жетік меңгеру мақсатында Корея Республикасына көптеп келе бастады. Корея сол заманда-ақ шетелдік студенттерді елге шақырып, әр елде өзінің мәдени орталықтарын құрды. Бұл ел экономикасында үлкен көлемдегі кірістердің болуын көрсетеді. Қазіргі таңда 2023 жылғы көрсеткіштер бойынша, тек жылдам кеспе экспортының жалпы құны 10 миллион АҚШ долларын құрады. Басқаша айтқанда, 200 миллион тонна кеспе сыртқа экспортталған екен [3].

Жан-жақты көрсетілген қолдаудың арқасында Корея Республикасы таңғаларлық нәтижелерге жеткендігін жоғарыда көрсетілген мысалдарға қарап байқаймыз. Отар және территориядағы ресурстары тапшы ел болған Корея қатаң тәртіп, жан-жақты көмек және өз дегенінен қайтпау сынды сипаттардың арқасында дамыған елдер қатарында орын алып отыр. Ал Қазақстан жағдайындағы креативті индустрияның деңгейі қандай?

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында креативті индустрия саласына нақты қадамдар қойып, үлкен іс-шаралар ұйымдастырып жатыр. Креативті индустрияның кинотеатр, кітапхана, театр сияқты секторалы саны жағынан өсіп, дамудың жаңашаланған деңгейіне жетіп жатыр. Атап айтсақ, шетелдік азаматтардың қызығушылығын ояту мақсатында түрлі отандық туындыларды қашықтықтан көруге мүмкіндік ашылуда. Сонымен қатар, қазақстандық жазушылардың шығармаларын оқуға құштар шетел азаматтары үшін Қазақ ұлттық электрондық кітапханасы (ҚазҰЭК) өз қорын толықтырып, қажетті жағдайлар жасауда. Қазақстан Республикасы өз мәдени мұралары мен табиғи ескерткіштерін әлемге таныту, қорғау және таныстыру мақсатында дүниежүзілік түрлі конвенцияларға мүшелік етіп, бұл саланы қолға алу үшін түрлі жобаларды ұйымдастыру үстінде. Бұдан бөлек, Орталық Азия аймағы бойынша үздік стартаптардың шоғырланған орны Қазақстан болып табылады. Бір емес бірнеше жобаларды қолға алып жатқан талантты жастардың үздік жетістіктері халықаралық деңгейде көрсетілуде. Солардың бірі ретінде «Networks Energy», «Santufeі», «JET» сияқты бастамаларды айта аламыз. «Networks Energy» жобасына тоқталар болсақ, ол Қазақстан теміржол саласындағы темір жол тасымалдарын рәсімдеуге және бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған ыңғайлы платформа болып саналады. Бұл бастаманың

халықаралық дәрежедегі келісімдер мен бизнес-жобаларға қосар үлесі көп деп есептейміз. «Santufei» жобасы қазақстандық авиабилеттерді оңай түрде броньдауға немесе сатып алуға мүмкіндік береді. Бұл жоба, ең алдымен, қазақстандық азаматтарға ыңғайластырылып жасалған. Жобаның «Forbes» журналына шыққандығы қаншалықты танымал екендігін дәлелдейді. Жобаның тағы бір үздік нәтижесі ретінде В2В сегментінде ең бірінші шетелдік тұтынушылардың пайда болғанын айтып кетсек болады. Бұл Қазақстан Республикасы бойынша креативті индустрия саласындағы стартаптар мен маркетинг секторындағы жақсы бастамалардың бірі деп есептейміз. Сонымен қатар, отандық өнімдер қатарынан «JET» жобасы да орын алады. Бұл жоба электронды скутерлерді қысқа мерзімге жалға берумен айналысады [4]. Қазақстанның республикалық маңызы бар қалаларында бұл жоба халық тарапынан қолдау тауып, практика жүзінде жүзеге асырылып жатқанын байқаймыз. Шынымен де, халыққа ыңғайлы, қажетті өнімді шығару үлкен қолдауға ие болатыны сөзсіз. Креативті индустрияны дамытудағы бастама ретінде бұл атқарылып жатқан істер керемет тәжірибе деп есептейміз. Алайда, дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат еткен Қазақстан Республикасы әлемдік аренада үлкен қолдауға ие болатын өнімдерді ұсынғаны шарт. Қазірдің өзінде Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанында ашылған Креативті индустрия департаменті өз жұмысын бастап жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті және департамент директорының қатысуымен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соңғы іс-шара биылғы жылдың 18 наурызында өтті. Президент креативті индустрия саласының түрлі өкілдерімен кездесу өткізді. Онда мемлекет басшысына музыка, әлеуметтік желілер, киноиндустрия, жасанды интеллект және киберспорт салаларындағы бірқатар табысты отандық жобалар ұсынылды. Аталған кездесу «ЭКСПО-қалашығында» өткен болатын.

Иә, бастамалар легі осындай нәтижелермен қуантуда. Бірақ келешектегі дамуымызда, Корея Республикасының өзі даму жолында жасағанындай, дамыған мемлекеттердің үлгісін ескерер болсақ, үлкен жетістіктерге жететіміз сөзсіз. Креативті индустрияның әр секторындағы кәсіпкерлердің арасында «ең тиімдісі женеді» деген қағиданы ұстана отырып, ел ішінде бәсекелестіктің нәтижесінде үздік өнімдерге қол жеткізе аламыз [5]. Қазақстанда бәсекелестікпен алға озған жоба шымыр болуының нәтижесінде халықаралық аренада да үздік орынға ие болады. Бұл Корея Республикасының *бірінші принципі* еді. Сонымен қатар, теория мен тәжірибені қатар ұстап, қолдана білген жөн. Дамыған елдер қатарында болғанына қарамастан, Корея Республикасы әлі күнге дейін шетелдік тәжірибелерге жүгінетіні рас. Себебі әлем бір орында тұрмайды, ол әрдайым дамып отырады. Ал жабық есік саясатын ұстанып, жалпы әлемнен бөлек өз қалауынша дамуды жалғастыру қате шешім болмақ. Әлем елдерімен бірге дамып, бірге үйрену қажетті үздік нәтижелер алып келеді. Корея Республикасы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде мықты экономикасы бар елге ие болған Жапониядан үлгі ала бастады. Және даму жолындағы «әлемдік жарысқа» кеш қосылуды дұрыс деп санап, сол позицияны ұстанды. Артта қалудың барысында Корея ұзақ жылдар бойы талпынып, кейін үздік жетістіктерге жеткен елдердің тәжірибесіне куә болу арқылы жылдам қарқынмен экономикасын көтере алды. Экономиканы дұрыс басқару жолдарын оңайлықпен үйрене бастады. Сонымен қатар, болашақта одақтасу мақсатында үздік тәжірибелердің бастамашылары болған елдерді бақылап отырды. Осындай ұтқырлы және білімді болуының нәтижесі - қазіргі әлем тамсана қарап отырған ел болуы деп есептейміз.

Аталған тақырыпта мақала жазуымыздың түпкі мақсаты – Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде, аз да болсын, еліміздің дамуына өз үлесімізді қосу. Осы орайда бірқатар шетелдік жобаларды ұсынып, Қазақстанның қазіргі жағдайын сипаттап, келешекке бастар жолдарын қарастырып кеттік. Бұдан бөлек, Корея бойынша қай сектор халық тарапынан қаншалықты қолдауға ие, қазіргі таңда қандай мемлекеттік қолдаулар жүріп жатыр және Қазақстан бойынша қай секторлардың сұранысқа ие екендігін және қай өнімнің халықаралық дәрежедегі дамуын жақсарту қажеттігін білу мақсатында зерттеліп жатқан елде - Корея Республикасында білім алып жатқан, тұрып жатқан адамдардан және корей азаматтарынан –

жалпы айтқанда корей қоғамында өмір сүріп жатқан адамдардан сауалнама алуды жөн деп санадық. Соның нәтижесінде мынадай қорытындыларға келдік: Корея Республикасында креативті индустрияның әр секторы мықты дамыған, бірақ көбісі корей драмаларының халықтың сұранысына ие екендігін көрсетті. Ал секторлардың ары қарай дамуына қазіргі таңда мемлекеттік қолдаудан гөрі, түрлі артықшылықтар ұсынуды жөн санайды. Мәселен, кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мақсатында түрлі бағдарламалар ұсынуы мүмкін. Корея Республикасында Қазақстанда сияқты креативті индустрия саласының жұмыстарымен Мәдениет, спорт және туризм министрлігі айналысады екен. Ал өнімнің таралуына халықтың көрсете алатын қолдауы ретінде 70%-ы отандық өнімді қолданулар десе, 30%-ы шетелдік деңгейде таныту деп жауап берді. Креативті индустрия саласын көбіне-көп жастар дамытатыны бәрімізге мәлім. Осы орайда корейліктерден университеттерде белгілі бір лекциялар, оқу бағдарламаларының бар-жоғын білу үшін сұрақ қойып, оған мынадай жауап алдық: олардың 70%-ы аталған іс-шаралардың жиі-жиі өтіп тұратындығын атап көрсетті. Корейліктер арасында қазақстандық өнімдердің қайсысы танымал екендігін білу үшін біздің отандық өнімдер бойынша бірнеше сұрақтар қойылды. Отандық музыка мен кино саласын дәстүрлі тағамдар қатары озып кеткен болатын. Оған қоса, Корея аумағындағы халықтың қазақ ұлттық тағамдарының көптеп сатылуын қалағандары өнімнің үлкен сұранысқа ие болатындығын көрсетеді. Осыдан корейліктердің қазақтың ұлттық тағамдарын ұнататындығын байқауға болады. Корей халқының ежелгі дәстүрлерінің, мәдени мұраларының қаншалықты ұмытылмағанын білу үшін қазіргі заманауи әндерде дәстүрлі аспаптардың қандай деңгейде танымал екендігін білдік. Сауалнамаға қатысқандардың, шамамен, 80%-ы дәстүрлі аспаптардың мүлдем қолданылмайтындығын айтса, 11%-ы нақты қаяғым аспабының, 11%-ы түрлі аспаптардың қолданылатындығын айтқан болатын. Сонымен қатар, корейлік сән көрсетілімдерінде ұлттық киім – ханбоктың қаншалықты қолдауға ие екендігіне жауап алдық. Олардың 40%-ы кейде ұлттық киімнің қолданылатындығын, 30%-ы әрқашан сән іс-шараларына шығарылып тұратындығын, 10%-ы өте сирек қолданылатындығын айтты. Ал қалған 20%-ы корей ұлттық киімінің көрікті екендігін айтса да, кимейтіндіктерін мойындады. Сауалнаманың жауаптарын алу барысында біз өзімізге көп ақпарат ала алдық және корей креативті индустриясының, сондай-ақ корей ұлттық дәстүрінің жағдайын біле алдық десек болады.

Жоғарыда айтылғанды және сауалнамадан алынғанды қорытындылай келе, Кореяның қазіргі деңгейге жетуде үлкен еңбек жасағанына куә боламыз. Қазіргі кезде мемлекет тарапынан қаржылай қолдаулар көрсетілмегенімен, дамудың бастапқы кезеңінде болған мемлекеттік қолдаудың үлкен деңгейін байқаған болатынбыз. Соған қарамастан, мемлекет түрлі бағдарламалар мен артықшылықтар арқылы қолдау көрсететіні біз үшін керемет үлгі болмақ. Мақаламызда Қазақстандағы креативті индустрияның дамуына қажетті жолдар мен нұсқаулықтардың ең тиімділерін қарастыруға көп көңіл бөлдік. Соның нәтижесінде корей үлгілерін ұсынған болатынбыз. Жасалған сауалнаманың нәтижесінде қазақстандық өнімдердің қаншалықты деңгейде танымал екендігін білдік. Кореяның шетелдік нарыққа жылдам кеспелерін шығарғаны сияқты, қазақстандық өнімдердің бірі – ұлттық тағамдардың шетелде сұранысқа ие болуына баланысты оны экспорттау керемет мүмкіндіктер ашатындығына сенеміз. Сонымен қатар, Корея Республикасының ұлттық тағамдары Қазақстаннан басқа да аймақтарда үлкен сұранысқа ие болғанымен, ұлттық аспаптарының арта қалуын байқаймыз. Бұл секторда Кореяны озып кетуімізге әбден болады. Аталған жобаның бастамалары СИМ-нің (Сыртқы істер министрлігі) жасап жатқан іс-шараларынан көрініс табады. Биылғы жылдың Наурыз мерекесіне орай әлемнің 6 материгіне жайылған 26 мемлекеттің радиоарналарында Құрманғазы оркестрінің орындауындағы түрлі күйлер шырқалды. Бұл, шынымен де, үздік жетістіктердің бастамасы деп білеміз. Қазақстанның дамуына әр аймақ, әр орган, тіпті әр адам үлкен үлес қоса алады. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Біздің күшіміз бірлікте» деп айтып кеткендей жеңіске жетуде бірігіп атқарылған жұмыс берекелі болмақ деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Author: BOP Consulting «Mapping the creative industries: a toolkit», 56 p., 11-16 p.
2. Г. Байжанова «Как кинематограф Южной Кореи стал одним из самых популярных в мире» kursiv media Kazakhstan-нан алынған
3. 민호아(베트남, 리오동 기준/h) «한국 라면 수출이 사상 최대치를 기록했다» 22.11.2023
4. Л.С. Жунусова «Инновации в креативной индустрии в Центральной Азии: примеры успешных стартапов и интересные технологии», специальность «Компьютерные и информационные науки»
5. Национальный исследовательский университет Высшая школа экономики (Россия, Москва); «Выживает самый эффективный: как Республика Корея стала мировым экономическим лидером»

ӘОЖ 314.8

БАТЫС ҚЫТАЙ НЕМЕСЕ СИНЬЦЗЯН ҚАЗАҚТАРЫ ХАҢЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР

Макишев Рауан Мағауяұлы

makisevrauan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.М. Ильясова

Ғылыми әдебиетте Тянь-Шань тауларынан бастап Монғолияға дейін созылып жатқан ұланғайыр территория Уйғурия, Ұйғырстан, Түрк қағанаты, Ұйғыр қағанаты, Шығыс Түркістан атауларымен аталады. Мұстафа Шоқайдың мұраларында Синьцзян халықтары тұтас түркі-мұсылман халқы ретінде «шығыстүркістандықтар» деп айтылады.

Қытайлық Түркістан атауының Батыс Қытай немесе Синьцзян (бұл сөздің нақтылы қытайша айтылуы «Чинг-Джаг» - («Tching-Djang»), аудармасы «жаңа облыс», «жаңа провинция» мағынасын береді. Бұл атау елге Якуббек Аталық Ғазының жетекшілігімен болған мұсылман қозғалысынан кейін, бұл елдің қайта бірігуі мен толық бейбітшілік орнағаннан кейін, яғни 1884 жылы берілген. Ресей өзінің түркістандық иеліктеріндегі көтерілістердің таралуынан сескеніп, Құлжа қаласын иемденіп (1865 ж.), қайтадан 1871 жылы Қытайға береді, ол үшін Қытаймен шекаралас жерлердің барлығында салықсыз сауда жасау құқығын алады. Бұл уақытта (1865-1871 жж.) Ресей билігі Түркістанда толық бекітілмеген еді. Қазіргі Түркменстан, Хиуа хандығы әлі жаулап алынбаған болатын, номиналды түрде Қокан хандығы өмір сүріп жатты. Қайтадан біріктірілген ұланғайыр және байтақ бай аймақ болып саналатын Түркістан әлі де келімсектерге қарсы көтерілістерге тұнып тұрған еді. Сондықтан Ресей әскери қимылдар алаңын шектеуі тиіс болды, сөйтіп ол иеленген Құлжа қаласын Қытайға қайтаруға бел буады, жоғарда айтылғандай салықсыз сауда құқығын Қытайлық Түркістан мен Монғолияда ғана емес, жалпы Қытаймен жапсарлас жерлердің бәрінде орнатуға көндіреді. Синьцзянның 5 млн. халқының ішінде түрік тегінен шыққан мұсылмандар 75 пайызды құрайды. Қалған бөлігін қытайлықтар мен монғолдар иемденеді.

Синьцзянның әкімшілік құрылысы 8 губернияға бөлінген: Үрімші, Шәуешек, Құлжа, Қарашахар (Karashehir), Алтай, Қашқар, Ақсу және Хотен. Әрбір губернияның басында азаматтық губернатор (Тао-ун) тұрады. Губерниялар ұсақ бірліктерге, кантондарға бөлінеді, оларды сугувернерлер – «Hsien-Tchang» басқарады. Барлық провинциялардың басында бастық отырады